



***Этно-
мәдени
бірлестік***

ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Жаңа замандағы этнодемографиялық өзгерістерді әлеуметтанудың жаңаша әдіснамалық тәсілдерін қолдану арқылы зерттеу жалпы қоғамдық үдерістерді болжау мен бақылауға, басқаруға ықпал етеді.

- *Біріншіден*, этностар мен демографиялық топтар (әйелдер мен ерлер, жастар, қариялар, зейнеткерлер) қоғамдық қарым-қатынастардың маңызды және универсалды субъектілері болып табылады.
- *Екіншіден*, қоғамдық дамудың барысына түрлі демографиялық топтардағы этникалық менталитет әсер етеді.
- *Үшіншіден*, этнодемографиялық ахуал қоғамның әлеуметтік құрылымының өзгеруі мен экономиканың дамуында елеулі рөл атқарады.

Мақсаты мен міндеттері

Жұмыстың негізгі мақсаты – 1991-2016 жылдар аралығындағы Атырау өңірін мекендейтін тұрғындардың этникалық, демографиялық, мәдени даму процестерін нақты фактілер мен деректер бойынша баяндау, тарихи талдау жүргізу.

Зерттеу жұмысының мақсаты бойынша бірнеше **міндеттер** анықталды:

- тұрғындардың этникалық құрамын көрсету.
- табиғи көші-қон үдерісінің динамикасын зерттеу;
- демографиялық даму, өсу және кему көрсеткіштерін анықтау
- көші-қон үдерісінің аймақтағы демографиялық жағдайға әсерін қарастыру.

ЗЕРТТЕУ ТҰЖЫРЫМДАРЫ

1. Бұған дейінгі қоныстанбаған этностар пайда болды.
2. Қазақ халқының аймақтағы саны біраз өсім көрсетті.
3. Осы жылдарда демографиялық үдерісте қала халқының санының өсуі, ауыл тұрғындарының қала маңына шоғырлануы жаппай сипат ала бастайды.
4. Ол ауылдық жерлердегі жұмыссыздықтың пайда болуына әкелді.

7. Аудан орталықтары мен ауылдарда өзге ұлт өкілдерінің саны күрт азайды.
8. Мәдени үдерістерде қазақ тілінің 100 пайыз іскерлік тіліне көшуі, іс қағаздарының қазақ тілінде жүруіне қол жетті.
9. Тәуелсіздік жылдарының алғашқы онжылдығында отарлық және кеңестік идеология тұсында халық жадынан айрылған, өзгерген тарихи атауларды қайта қалпына келтіру жұмыстары қарқынды жүрді.
10. Ұлтаралық қатынастар тұрақты дамыды.
11. Тәуелсіздік жылдары халықтың дәстүрлі діни сенімі жанданды. Дегенмен бұл жерде аймақ тұрғындары арасында діни сауаттылық пен ұстанымдағы кедергілер мен өзекті мәселелер орын алды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тәуелсіздік жылдарында орны алған мәдени үдерістердің бір айырмашылығы ұлттық біртектілік пен ұлттық сананы жаңғыртуға бағытталған шаралардың ждүйелі жүргізілуі болды. Осы іс-шаралардың арқасында облыста көптеген нысандарға халықтық атаулар қайтарылып, танымал тұлғалардың есімдері берілді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының алғашқы құрылған кездерден бастап үлкен даму жолынан өткенін байқаймыз. Алғашқы кезде облыстық құрылымда 4 этно-мәдени бірлестік болған, одан соң жыл сайын облыс территориясындағы этностар санының өсуі және олардың аймақтық әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-мәдени өміріне араласу белсенділігінің артуына орай этномәдени бірлестіктер саны көбейе түседі. 2013 жылы олардың саны 16-ға жетсе, 2014 жылы тағы бір бірлестікке өсіп, жалпы саны 17-ге жетеді. Тәуелсіздіктің 25 жылында Атырау облысы бойынша этникалық себептегі қақтығыстар орын алған жоқ.

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!**